

«Жалағаш жаршысы» ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА

Кешегі Кеңес өкіметі өмір сүрген кезеңде аудандық газеттердің барлығы партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық атқару комитетінің құрылтайшылығымен жарық көрді. Кеңестік дәуірде таралу аумағына қарамастан мерзімді басылымдар біртұтас «Жер жүзі пролетарлары бірігіңдер!» деген ұранмен шықса, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл ұран «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деп өзгертілді. Ал еліміз егемендік алған тәуелсіздік жылдар басылымының бет-бейнесі, құрылымына өзгеріс әкелді. Барлық елдің пролетарларын бірігіуге шақырған газетіміздің ендігі ұраны – «Ел бірлігі – өңшімізге тиген ұлы бақыт» болды. Сондай-ақ газетіміздің меншік иесі аудан әкімдігі мен редакция ұжымы болды. Заман талабына орай «Жалағаш жаршысы» аудандық газет редакциясы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын болып өзгертіліп, жұмысын жалғастырды. Өзін-өзі қаржыландыру мақсатында аудандық газет бетінде тапсырыспен берілетін материалдар мен арнаулы беттер, көңіл айту, еске алу, құттықтау, жарнама-хабарламалар, сайлауалды хабарландыру мен шешімдер ақылы түрде жарияланып келеді.



Арқылы Қызылорда қаласындағы «Қызылорда-Полиграфия» АҚ-ның баспахана-насында басылып шығады. Бірақ біздің редакцияда газет материалдарын беттейтін дизайнер маманы жоқ еді.

Облыстық «Сыр бойы» газетінен көмек сұрап, маман шақыртып, газеттің біре-кі нөмірін шығартып алдық. Енді не істеу керек? Ақылы қызметтен түскен азын-аулақ қаржыны газетімізді ба-сып шығарып жатқан баспаханаға беріп отырдық. Баспаханаға ақша төлемесең, газетіңді баспай тастайды. Ал газеттің бір нөмірі шықпай қалса, үлкен аяқайдың астында қалдым дей бер. Тәртіп солай, жауапкершілік күшті. Газет шықпай аудан әкімінің алдында күне арқалаған баладай сүйірсіңгі тұ-руды ойлағанда түн ұйқымынан шошып оянатын болдым. Аудан әкімшілігінің идеология, ішкі саясат бөліміне жағ-дайды айтып түсіндірумен болдым. Ел жақтан жауап біреу, газет аптасына екі рет жарық көріп, оқырманы жетуі тиіс. Ешкі «рәк қырыққан сайын бір өлемін» дейді екен, сол сияқты мен де аптасына екі рет газет шығаруды ойлап, түнде ұйқыдан күндіз күлкіден қалдым.

Амал жоқ, Теренөзек ауданындағы «Теренөзек тынысы» газетінде жұ-мыс істейтін дизайнер келішекке өті-ніш айтып көмегіне жүгіндік. Екі ау-дан арасы біраз жер, оның үстіне дизайнер келішекке аптасына екі рет өздерінің газеттерін шығарады. Соған қарамастан көршілігімізді салып, диза-йнер маманды алдыртып, түн жарымын таң атқанша газет шығаратын болдық. Яғни газет материалдары реттеліп, беттеліп, электронды пошта арқылы Қызылордадағы баспаханаға газетті басуға жібергені жолақшыны, еңбек-ақысын төлеп, таксимен Теренөзекке үйіне жеткізіп саламыз. Бұл дегеніңіз жарығын қып-қызыл шығың, екінші жағынан түн мезгілінде газет шығару шығармашылық ұжымның жұмысын қиындатып, көңілің түсірді. Осылай газет шығарып, бес-алты ай екі аудандық арасын жол қылдық. Адамның істегенін адам істейді екен ғой, көп ұзамай компьютерде теруші қыздарымыз Рай-хан Ақмаралдар беттеуді үйреніп, көңіліміз жайланғанды болды.

Облыстық баспаханада басылып шыққан «Жалағаш жаршысы» ауданға жеткізу редакцияға жүктелді. Бұл жұмыс редакцияның қарауына тапсырылды. Ол аптасына екі рет облыстық бас-паханада басылып шыққан газетімізді ауданға автобуспен жеткізіп, пошта бөлімшесіне тапсырады. Сөйтіп кешегі 1934 жылдары газеттің алғашқы нөмірлерін шығару қандай қиын болса, еліміз егемендік алған тәуелсіздік жыл-дарында заман талабына орай жұмысты жаңадан бастап, жаңа технологиямен жұмыс істеу оңайға соқпады.

Амал жоқ, тағы да құрылтайшымыз аудан әкімшілігін жағалауыма тура келді. Аудан әкіміне кіріп, редакцияның қаржылық жағдайын және тығырықтан шығудың жолдарын түсіндірдім. Біріншіден, қазіргі қаржылық жағдайға байланысты газеттің 1 жылға жазылу бағасын 1500 теңгеден 3 мың теңгеге дейін көтеру керек. Қызылордадағы «Принт» баспаханасына газетті түрлі түсті бояумен емес, арзан бағамен, яғни қара түсті бояумен бастырылған жөн. Сонда газетті бастыруға жұмсалған қаржыны екі есе үнемдейтінімді айттым. Екім бұл ұсынысымызды толық қолдады. Сөйтіп 2007 жылдан бастап газетіміз баспаханадан қара түсті бояумен ба-сылып шығатын болды. Сондай-ақ газеттің 1 жылға жазылу бағасы 3000 теңгеге көтерілді. Есептеп көріңіз, екі жарым мыңнан аса таралымы бар ба-сылымға жазылудан редакцияның есе-пшотына жыл сайын 7-8 млн теңге түседі. Осылайша мекеме қордаланған қарыз-дарынан құтылып, қызметкерлер де жапақаларын уақытылы ала бастады.

Сол бір күрмеуге келмейтін қиын кезеңде редакция ұжымы жанымынан табылып, қолдау көрсетті. Өсіресе редакция қызметкерлері А.Шілдебаев, Д.Мөлкөва, фото-тілші М.Ахметов, хатшы-машинистка Ж.Иманәліева, техникалық қызметкерлер Т.Байнаев, Н.Баймаханова, компьютер теруші Б.Ташкенбаева, газет бетпен безендіруші Р.Тәурбаева, А.Сәндібекова, А.Сәрсен-

баевалар нарық талабына бейімделіп, жұмысын абыроймен атқарды. Бір сөзбен айтқанда, тығырықтан жол тауып, аяқтан тұрып кетугімізге аудан әкім-шілігінің қаржы бөліп қамқорлық жа-сауы және редакция ұжымының үлкен ұйымшылдығының арқасында қол жеткіздік деп айта аламыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылды-ғында аудандық редакция мен баспа-ханаға басшылық жасаған М.Илиясов, Т.Төшенов, К.Сүлейменов, Б.Бүркіт-баев, М.Аяпов тығырықтан шығу жо-лында тынымсыз еңбек етті. Ал мен газетте редакторлық қызметті үш жыл атқардым. Өріпестер арасында ай-тылып жүрген «жағдайымыз жұқарма-сық, қаламымыз мұқалмасын» деген батам сол бір қиналған шақта тұрап-батын Сондағы байқағаным, шығар-машылық ұжым айлап, жылдап жала-дықтарын ала алмай, жағдайлары жұ-қарса да қаламдары мұқалған жоқ. Қанша қиыншылық болғанымен жұ-мыс тоқтамады, газетіміз уақытылы шығып, оқырманы жетіп жатты. Рухы асқақ, бірлігі бекем редакция мен баспахана ұжымы өтпелі кезеңнің сы-рынан өтіп, дйттеген мақсатына жетті. Нарық қиыншылығы арта қалып, қолға сөйліп, үміт ақталды. Міне, осы-лайша аудандық басылым мен баспа-ханың өтпелі кезеңде басынан өткіз-ген қиыншылықтарын тілге тиек еттік. Енді сол кезеңде жаңалықтар мен жетіс-тіктерге де қысқаша тоқталып өтейік.

Сексенші жылдардың соңында редакцияда тұрғын үй кезегінде тұр-ған қызметкерлер бар еді. Соған орай редакцияның мемлекеттік банкідегі есепшотында үнемделген қаржы есе-бінен 1991 жылы талантты журна-листі Жұмабек Әбжәмиловтің жанұя-сына арнайы тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ аудандық «Жаңадария» газетінің атауы уақыт талабына лайық еместігі көптен бері айтылып жүрген болатын. Газет атауы басылым бетінде біраз тауқыланғаннан кейін 1993 жылы 1 сәуірден бастап аудандық газет «Жа-лағаш жаршысы» деген атаумен оқырманыға жол тартты. 2000 жылы «Аққұм» ЖШС-ның демеушілігімен ре-дакцияға бір компьютердің берілуі ұжым үшін үлкен жаңалық еріп қуаныш болды. 2002 жылы «Жалағаш жар-шысы» газеті редакциясында ма-териалдар компьютерде теріліп, беттеліп, Қызылордадағы «Принт» баспахана-сына басылып шыға бастады. Уақыт талабына орай газеттің компьютерде теріліп беттелуіне және өзін-өзі ақтай алмауына байланысты редакция жа-нындағы баспахана 2005 жылы 14 қарашада жабылып, жұмысын тоқ-татты. 2005 жылы «Жалағаш жар-шысы» газеті №45 нөмірінен бастап аудандарда алғашқы болып түрлі-түсті бояумен шыға бастады. 2005 жылы екіқабатты редакция ғимараты аукционға шығарылып, сатылып кетті. Әсем безендіріліп, сапалы шығуына байланысты 2006 жылдың қорытын-дысымен аудандық газет «Ең үздік ба-сылым» номинациясы бойынша жеңі-паз атанып, облыс әкімінің дипломымен марапатталды.

Екі қабатты редакция ғимаратының аукционға шығарылып, сатылып кеткенін айттық. Қаржылық жағдайымыз жақсара бастағанымен енді кезекте тұрақты кеңсе ғимаратына көшу мәселесі тұрды. Аудан әкімінің қолдауымен 2006 жылы газет редакциясы №3 кәсіптік-техникалық училищенің оқу ғимаратына көшірілді. Есепшотымыздағы азын-аулақ қаржыға ескі ғимаратқа пеш салып, бөлмелеріне жеңіл жұмыстарын жүргізді. Бірақ бұл ғимарат өте салқын ері журналистердің жұмысына жайсыз болды. Сөйтіп 2007 жылы көктемде редакция аудандық коммуналдық ауыз су мекемесінің бос тұрған кеңсесін марапатына көшірілді.

Редакцияның қазіргі жағдайы кешегі тоқсаншы жылдармен салыс-тырып, қолдау көрсетті. Шүкір, Тәуел-сіздігіміздің арқасында жыл өткен сайын ел экономикасы қарыштап дамып келеді. Бұқараның үніне айналған ақпа-рат құралдарына да мемлекет тара-пынан қамқорлық жасалып, қолдау көрсетілуде.

2014 жылдан бастап аудандық газет-термен бірге «Жалағаш жаршысы», «Сыр медиа» ЖШС-ға қосылғалы газет мүмкіндіктері артып, жаңа фор-матпен шыға бастады. Қызметтік кө-лікпен, заманауи жаңа технологиямен қамтылған жалақы, қаламақы ай сайын беріліп тұр. Редакцияда жоғары бі-лімді журналистер, білікті мамандар жеткілікті. Соңғы жылдары журналистер қоғамдық-саяси тақырыптан бастап ұлттық тарихи танымызды тақырыптарға ден қойып, тәуелсіздік тағлымын насихаттап келеді. Өсіресе мемлекет-тік тілдің діл мәселелері көңінен қоз-ғалып, ұмытыла бастаған салт-дәстүр, өдет-ғұрыптарымыз, рухани құндылық-тарымыз жаңғыра бастады. Аудандағы тарихи ескерткіштер, мәдени мұра-лар, батырлар, би-шешендер, әулие-өңбілер, ақын-жазушылар жайлы жазылып, кеңестік саясаттың көсірінен атауысыз қалған есімдер халқымен қайта қауышып жатты. Аудан жаңалықтары, ел игілігіне жасалып жатқан жаңа жобалар, жарқын істермен қатар ауд-дан ауыл өміріне қатысты мәселелер көтерілген сыны материалдарға кө-бірек орын берілді. Өсіресе газетте «Толғандықтар тақырып», «Мәселенің мәнісі», «Айтпайын дегенім», «Мінбер», «Билік», «Біз қозғалған мәселе», «Заң және қоғам», «Кәсіпкер келбеті», «Дінің тұрсын дін аман», «Мемлекеттік қолдау» т.б аядарлармен толықты. Сондай-ақ жастар тақырыбын арнау еткен «Жас толқың», білім саласына арналған «Білім нұры», қоғамдық мәселені қамтитын «Қоғам», облыс көлеміндегі жаңалық-тарды тарайлайтын «Аймақ», таным-дық тағлымы «Таным», ұлттық құн-дылықтарды насихаттайтын «Дидар» беті тұрақты ұйымдастырылып келеді.

Бүгінде К.Қайрақбаев басшылық жасайтын «Жалағаш жаршысы» га-зеті аудан өмірінің барлық саласын қамтып, жыл өткен жаңалықтарды оқырмандармен бөлісіп отырады. Кәсіпкерлік, қоғамдық тәртіп, діни ахуал мен халықтың әлеуметтік жағдайы газет редакциясы назарынан тыс қалған жоқ. Соңғы жылдары басылымның сапасы мен мазмұны жақсарып, халықтың жүрегінен жол тапты. Аудан аянасы, ел тарихы мен шежіресіне айналған «Жалағаш жаршысы» 90 жылда талай сыннан өтіп, шыңдала түсті. Алдына ауқымды міндет, маңызды мақсат қойған аудандық газет алдағы уақытта да өңір тынысын айықтап, ақпараттық насихаттың салмақты жүгі аркалап, халыққа қызмет ете береді.

Алайда көптен бері шешімін таппай келе жатқан түйнді бір мәселе бар. Ол – «Жалағаш жаршысы» газеті редакциясының тұрақты ғимаратының жоқтығы. Әрине, бұл жағдайды көріп газет жанашырлары, жалпы оқырман қауымы «оттеген-ай» деп өкініп, сыртай алаңдап отырағаны анық.

Түсінікті болуы үшін айтса кетейік, 1972 жылы аудандық газет редакциясы мен баспаханаға арнал салынған екіқабатты баспа үйі 2006 жылы жекешелендіріліп, аукцион арқылы сатылып кетті. Содан бері аудандық газет ұжымы бірде аудандық кәсіптік-техникалық учи-лищенің жатақханасына көшіп орналса, одан кейін тағы да аудандық ком-муналдық шаруашылық мекемесінің және аудандық қазынашылық мекеме-сінің кеңсе ғимараттарына көшіп-қонып, бірнеше мәрте қоныс аударып, жұмыс жасады. Ал қазіргі уақытта аудандық қаржы бөлімінің бұрынғы ғимаратында алты бөлмелі кеңсенің екі бөлмесін жалға алып жұмыс істеп жатыр. Әрине, газет редакциясының бұл жағ-дайы жергілікті билікті ойландырды тис. Газет материалдарын жазып, шығармашылықпен жұмыс істеуі үшін журналистерге жайлы да жылы каби-неттер керек-ақ. Олай болса, мемле-кетіміздің саясатын насихаттап, бұқа-раның үніне айналған аудандағы жалғыз ресми басылым «Жалағаш жаршысына» арнайы ғимарат беру өзекті болып отыр. Аудандық газеттің тоқсан жылдық мерейтойы аясында бұл мәселе шешімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист

Онлайн шарт жасалады

Енді жылжымайтын мүлік иелеріне коммуналдық қызметтерді алу мақсатында шарт жасау үшін коммуналдық мекемелерге барудың қажеті жоқ. Оларға жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде шартты автоматты түрде жасау туралы SMS-хабарлама келеді.



Пилоттық жоба Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Жетісу облысында іске асырылды. Айта кетейік, бұған дейін бұл қызмет Астана мен Алматыда жүзеге асырылған болатын. Бұл қалаларда сервис енгізілген күннен бастап 100 мыңнан астам онлайн шарт жасалды.

– Мемлекеттік корпорация өзгерістер драйвері ретінде Invisible Government жолында технологиялық және клиентке бағдарланған сервистерді қалыптастыруда. «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесінің өкімдіктің жүйелерімен интеграциялануының арқасында мүліктің жаңа иелеріне коммуналдық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін түрде шарт жасау мүмкіндігі пайда болды, – деді мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы Арман Көнежағалиев.

Айта кетейік, жылжымайтын мүлікті сатып алған сәтте қазақстандықтар шарт жасау туралы ұсыныс келіп түседі. Мемлекет ісін қолданған жағдайда деректер коммуналдық қызметтерге жіберіледі және тұрғын үй иесінің қатысуынсыз автоматты түрде шарт жасалады. Өтінім қаралғаннан кейін мүлік иесіне SMS-хабарлама түсіп, дайын құжатқа сілтеме беріледі. Жақын арада Мемлекеттік корпорация жоба ауқымын кеңейтуді және оны республика бойынша іске асыруды жоспарлап отыр.

Әсел АЛИБАЕВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ облыс бойынша аудандық бөлімінің жетекші маманы

Хабарландыру

Жалағаш ауданы Жалағаш көпіннің табиғи газ тұтынушыларының назарына!
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №210 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2024 жылғы 31 мамырдағы №218 бұйрығына сәйкес ішкі нарықтағы тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларының өсуіне байланысты 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметінің шекті бағасы 1000 текше метрге ҚҚС-мен 22807,97 теңге (1 текше метрге 22,81 теңге), ал мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй иемнен алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар) тобы үшін 1000 текше метрге ҚҚС-мен 18246,38 теңге (1 текше метрге 18,25 теңге) мөлшерінде қолданысқа енгізіледі.
Алайда тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне уақытша өтемізді тарифтің (Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 26.10.2023ж. №44-НҚ бұйрығына сәйкес) қолданылуына байланысты тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы 2024 жылғы 1 шілдесінен 2024 жылғы 30 қараша аралығына 1000 текше метрге ҚҚС-мен 22807,97 теңгеден 22519,01 теңгеге (1 текше метрге 22,52 теңге) дейін, ал мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй иемнен алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар) тобы үшін 1000 текше метрге ҚҚС-мен 18246,38 теңгеден 17957,42 теңгеге (1 текше метрге 17,96 теңге) дейін төмендейтін хабарлайды.

2024 жылы ІІІ тоқсандағы Аламекес аудандық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі						
№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның аты, А.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның аты	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет бағыр ауылы	Тажибаяв Дәулеткерей Уразбекович	Аламекес аудандық округі әкімі	Сорсенді, жұма 10.00-ден 12.00-ге дейін	Есет бағыр ауылы К.Өбіншов көшесі №26	8(724) 3134-3-03

Сағындық, әке, өзіңді

Бұл фәниде өшкім де, ештеңе де мәнгілік емес. Асқар тау өкеміз Абай Мырзағалиұлының ортамызда күліп-ойнап жүргені кеше ғана сияқты еді. Балаларына өнегелі өмірімен бағдаршам болған отағасынан айырылып қалғанымыздан бері де қырық күн өте шығыпты. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсіз, өкемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштағаннан басқа біздің де қолдан келер шара жоқ.
Өкеміз Абай Мырзағалиұлы 2024 жылғы 22 ма-мырда келместің кемесімен бақиға аттанды. Ке-кеніне көз сенгенмен, көңіл сөнер емес. Кеше ғана ағайынмен араласып, достарымен сырласып, нәме-релерін мейірмді жүзімен еркелетіп отыратын. Алдына қойған мақсаттары да бар еді. Қанша үлкенісе де достарының да, ағайынның арасында да ұйымдастыру жұмысына қатысып отыратын.
Еттен бір кем дүние. Ол мақсаттарға жете алмады. Шүкір дейміз, десе де асқар тау өкемізді іздейміз. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын. 2024 жылғы 29 маусымда сағат 12:00-де Жалағаш кенті Абай көшесі №96 үйде Абай Мырзағалиұлының қырық күндік аса берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жежат, дос-жаранға хабарлаймыз.



Еске алушылар Мырзағалиевтер отбасы

Ай өтіпті өзіңсіз

Был 22 мамырда мектепте 10 жыл бірге оқыған досымыз Мырзағалиев Абай Мырзағалиұлы көнеттен қайтыс болды. Ол Жалағаш кентінде 1951 жылы 11 қазанда дүниеге келген. 1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқып, 9-10 сыныпты №202 орта мектептен 1969 жылы бітірген. 1969 жылдың шілдесі мен 1970 жылдың мамыр аралығында Жалағаш автобазасында жүргізуші болып еңбек жолын бастады.
1970-1972 жылдары Кеңесармиясы қатарында әскери боры-шын атқарды. 1973-1988 жылдары Жалағаш автобазасында жүргізуші болып, 1988-2006 жылдары механик болып жұмыс істеді. Өндірістен қол үзбей 1994 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» ордені ауыл шаруашылық институтын «Ауыл шаруашылығы механикаландыру» мамандығын «инженер-механик» біліктілігі бойынша бітірген. 2006-2014 жылдары Қызылорда электр желісін тарту компаниясының Жалағаш филиалында механик болып жұмыс жасады. Еңбек ету барысында республикалық, облыстық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Азаматтық бөлөенділігі үшін Елбасының қолынан алған.
1-8 сыныпты №123 мектепте оқы

Сараптама



Интернет сапасы сын көтермейді

Бүгінгі таңда интернет біздің күнделікті өмірімізде маңызды рөл атқарады, онлайн қызметтерге, білім, медицина және экономика салаларын цифрландыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Алайда соңғы уақытта интернет, ұялы байланыс сапасына, жалпы байланыс саласы бойынша Үкімет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға халықтың көңілі толмайтыны жасырын емес. Ауылдық елді мекен түгілі қалалық жерде тұратын азаматтарымыз да байланыс сапасына жиі шағым айтатын болды. Ай сайын тек ұялы телефонға 5-20 мың теңге арасында қаражат жұмсап, бірақ сапалы байланысқа қол жеткізе алмау кімнің де болса ызасын келтіретіні анық.

Жапонияны артта қалдырдық па?

Иә, Үкімет аталған олқылықтардың орнын толтыру үшін қаншама бағдарламаларды, жобаларды жүзеге асырып жатыр. Нәтиже жоқ емес, бар. Мәселен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігінің экс-министрі Бағдат Мусин Қазақстан интернет желісінің жылдамдығы бойынша дамыған Жапония секілді мемлекеттен әлдеқайда озып кеткенін айтқан болатын. Әрине мұндай салыстыруға қарапайым халықтың сенсе қиын. Шыны керек, сөз бен істің алшақтығы байқалады. Осыған орай жақында салада кадрлық реформа орын алды. Салаға жана министр тағайындалды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мадиевтің мәліметінше, халықаралық деректерге сәйкес, елімізде интернет қолданатын халықтың үлесі – дамыған елдермен деңгейлес. Бүгінде өлемде интернетті тұтынудың қарқынды өсуі байқалады. Қазақстанда 2020 жылға қарағанда трафиктің өсуі 61,5 га, ал абоненттер саны 12,9 га өскен.

Ал «Speedtest Oкла-ның» биылғы жылғы сәуірдегі деректеріне сәйкес, Қазақстан 43,6 Мбит/с орташа интернет жылдамдығымен 66 орында, яғни Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан елдерін артта қалдырған. Әрине, Астана, Алматы қалаларында интернет сапасы жоғары болар, бірақ Қазақстан тек бұл екі қаламен шектелмейді ғой. Қалған облыстар, ондағы ауылдық елді мекендердегі байланыс сапасы нашар екені айтпасқа та белгілі. Тіпті сапасыз интернет түгілі мобильді байланысы жоқ ауылдар да бар. Осыны көре отырып, «біз Жапонияны қалай артта қалдырдық деген?» сұрақ туындайды.

5 айда 11 мың шағым түскен

Тек өткен жылдың өзінде байланыс сапасына шамамен 21 мың шағым келіп түскен, биылғы жылғы 5 айда мұндай шағымдар саны 11 мыңға жуықтаған.

Халықтың аталған мәселе бойынша наразылығының артуына байланысты Министрлікте байланыс саласында туындайтын мәселелерді тұрақты түрде қадағалап, оны шешу мақсатында Жеддел штаб құрылған. Штаб құрамына Министрліктің, жергілікті атқарушы органдардың және байланыс операторларының өкілдері кіреді. Қосымша шара ретінде Министрлік Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып, мемлекеттік мекемелерде базалық стансалар орнатуға рұқсат беретін заңға тәуелді актілерге өзгерістер енгізілуде.

Қазақстан халқының сапалы байланыспен қамтамасыз ету үшін өткен жылы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы қабылданды. Осы ретте барлық іс-шараларды орындау нәтижесінде 2027 жылға қарай елді мекендер мен жолдарды байланыс желілерімен қамту 100 пайызға жетеді.

– Операторлардың әдетке айналдырған тарифтер құнын ұлғайту мәселесі жеке назарды талап етеді. Бәсекелестікті дамыту мақсатында байланыс қызметтерінің тарифтерін мемлекеттік реттеу алып тасталғаны белгілі. Бәсекелестік қана бас реттеуші болуға тиіс. Алайда әзірге бұл байқалмай отыр – операторлардың барлығында бағалар шамамен бірдей. Бұдан басқа Салық кодексінің шеңберінде операторлар үшін радиожилікті спектрге 90 пайыз мөлшерінде жеңілдік көзделген. Осы ретте операторлар лицензиялық міндеттемелерге сәйкес үнемделген қаражатты байланыс инфрақұрылымын дамытуға инвестициялау тиіс. Сондықтан Министрлік монополияға қарсы органмен бірлесіп операторлардың өз міндеттемелерін толыққанды орындауын және бағалық сөзбайласу мен тарифтердің негізсіз артуына жол бермеуді қамтамасыз етуі қажет, – деп мәлімдеді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Айта кетейік, елде 2020 жылға қарағанда трафиктің өсуі 61,5 пайызға, абоненттер саны 12,9 пайызға өскен.

1 424 ауылда мобильді интернет байланысы жоқ

Министрліктің айтуынша, жалпы елімізде 6 290 ауыл бар, оның ішінде сымды интернет бойынша оптика 2 606 ауылға жеткізілген. Мобильді интернет 4 866 ауылда қолжетімді. Қолданыстағы салықтық жеңілдіктер аясында Билттер 1 161 ауыл 4G технологиясына қосылған. Бүгінгі таңда 1 424 ауыл мобильді интернетке қол жеткізе алмай отыр. Соған байланысты байланыс операторларын ынталандыру мақсатында Министрлік жаңа Салық кодексіне радиожилік спектрі бойынша салықтық жеңілдіктерді ұзартуды және төлем мөлшерлемесін өзгертуді ұсынған. Осылайша, байланыс операторларының лицензиялық міндеттемелерінде 1 076 ауылды интернетпен қамтамасыз ету көзделген.

Қазіргі уақытта 3 684 ауылда оптикалық байланыс желісі жоқ. Алайда Ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы 3 010 ауылға дейін оптикалық байланыс желісі жеткізіледі. Байланыс желілері тұтынушыға қолжетімсіз жерлерде шағын және орта байланыс операторларының күрделі қаржы шындарының 50 пайызын субсидиялау тетігі қолданылады. Аталған жобалардың қорытындысы бойынша 2,4 млн адам интернетке қол жеткізеді деп күтілуде. Жобалар байланыс операторларынан 340 млрд теңгеден астам көлемде жеке инвестиция тартуды көздейді.

Сыр жұрты 5G-ге қашан қосылады?

Қазір Қызылорда облысындағы 230 ауылдық елді мекеннің 213-і мобильді байланыспен қамтамасыз етілген. Қалған 17-сіне «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылға дейін интернет жеткізу жоспарлануда.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мемлекеттік-жекешелік әріптестігі аясында өңірдің 73 ауылдық елді мекенінің мемлекеттік органдарына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту толығымен аяқталған. Мұнан бөлек 64 ауыл әкімдігі, 72 білім беру мекемесі және 69 медициналық мекеме желіге қосылған.

Мобильді интернеттің сапасын арттыру мақсатында облыс орталығында Kcell операторының 5G стандартындағы 16 базалық стансасы, Tele2 байланыс операторының 7 нүктесі жұмыс жасауда. Жыл соңына дейін 33 базалық станса орнатылады.

Был «ҚАР-Тел» компаниясы 10 ауылдық елді мекенге базалық станция салуды жоспарлауда. Мұнан бөлек «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойына 9 антенна-дінгек орнатылмақ. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін бюджеттік өтімін беріліп, аудан әкімдіктері жер телімдерін бөлген.

5G-дің 1 144 стансалық базасы орнатылған

Еліміздің орталық қалаларында 5G технологиясы жиі айтыла бастады. Астана мен Алматы, Шымкент қалаларының тұрғындары 5G технологиясы бойынша интернетті пайдаланғысы келетінін анық айтады. Өйткені уақыт басқа өшетін мұндай үлкен қалаларда 4G технологиясы баяу көрінді. Осы ретте Kcell және Tele2-мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында 5G технологиясын одан әрі дамытуға қатысты жұмыстар жалғасын таппақ. Бүгінгі таңда 20 қалада 1 144 базалық станса орнатылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 5G ұялы байланысын енгізу 2025 жылдың соңына дейін аяқталуы тиіс. 2027 жылдың соңына дейін байланыс операторларының салаға сапалы инвестиция көлемі 450 млрд теңгеден асатын болады.

Министрдің мәлімдеуінше, қалаларды жоғары сапалы интернет пен ұялы байланыс желісімен қамтамасыз ету шеңберінде Министрліктің техникалық мамандары байланыс сапасына өлшеу жүргізіп, нәтижесінде, байланыс сапасы төмен орындар анықталады. Одан соң Министрлік әкімдіктер және ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, байланыс сапасы төмен орындар бойынша жұмыс жүргізеді. Аталған жұмыс еліміздің қалаларында байланыс сапасын жақсарту мәселесі бойынша жалғасады.

Сондай-ақ Voice over Wi-Fi (VoWi-Fi) технологиясын іске қосу мәселесі де қарастырылуда, бұл – дауыстық қоңыраулар дәстүрлі ұялы желілердің орнына Wi-Fi желілері арқылы жасауға мүмкіндік беретін технология. VoWi-Fi радио сигнал өтпейтін, бірақ Wi-Fi бар жерасты паркингтері немесе ғимараттарда, ұялы байланыс желісі нашар жерлерде жақсы байланыс сапасын қамтамасыз ете алады.

1 485 мектеп SpaceX-тің ГЕСО технологиясына қосылған

Бүгінде білім алуға интернеттің алатын орны бөлек. Жаңа технологиялар дамыған 21 ғасырда жедел ақпарат алмасу маңызды. Осы ретте әсіресе ауылда тұратын мұғалімдер мен оқышылар интернет сапасына жиі көңілі толмай жатады. Қажетті ақпаратты алу, бір-бірімен алмасу, жеткізуге жоғары жылдамдықты интернеттің керекі белгілі. Осы олқылықтарды жоюда Үкімет 1 883 мектептің 1 485-ін SpaceX-тің ГЕСО технологияларын пайдаланып, пилоттық жоба аясында интернетке қосылған.

Елді мекендерден тыс жол бойындағы жолаушыларға да сапалы байланыс керек. Министрлік ол үшін республикалық автожолдарды мобильді интернетпен қамтамасыз ету үшін тиісті цифрлық инфрақұрылым қажет екенін айтады. Бүгінде жұмыстар басталған, әкімдіктермен 243 антенна-дінгекті құрылыс республикалық жолдар бойынша жобалау-металдық құжаттама әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. АДҚ құрылысы 2025-2026 жылдарға жоспарланған.

Сыртық саясаттағы маңызды бағыт

Сонымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитетімен жүргізілген талқылау және келісу шеңберінде біз төтенше жағдайларды жою кезінде интернетке қол жеткізу үшін Төтенше жағдайлар министрлігінің қажеттіліктеріне пилоттық жобаны кеңейту жоспарланған. Цифрлық Жібек жолын дамыту және Қазақстанды өңірлік цифрлық хақба айналысу үшін Ұлттық іске шағын шеңберінде бірнеше іс-шараны іске асыру көзделген. Біріншісі ұзындығы 370 шақырым болатын Каспий теңізінің түбіне оптика төсеу болмақ. Екі елдің байланыс операторларының инвестициялары 23 млрд теңгеден асады. Бүгінде «Қазақтелеком» мен «Ээртелеком» арасында бірлескен кәсіпорын құрылған және су астындағы талшықты оптикалық байланыс желісін жобалау және төсеу үшін мердігерді таңдау бойынша тендер аяқталуда.

Екіншісі – Қазақстан аумағы бойынша транзиттік трафикті ұлғайтуды көздейтін Батыс-Шығыс Ұлттық гипермагистралінің құрылысы. Ал үшіншісі – транзит пен халықаралық трафикті сақтау үшін Tier III деңгейінен төмен емес деректер орталығын салу. Осы екі жоба бойынша Үкімет Freedom telecom-нан ұсыныс түскен. Гипермагистральға жеке инвестиция көлемі 17 млрд теңгеден асады, іске асыру мерзімі келер жылдың соңына дейін, ал деректер орталығының құрылысына тартылатын инвестиция көлемі 90 млрд теңгеден асады, 2027 жылы жоба толықтай аяқталады. Осылайша, жоғарыда аталған жобаларды іске асыру деректердің халықаралық транзитінің баламалы бағытын және ел нарығына BigTech, Google, Amazon, Microsoft секілді компанияларын тартуды қамтамасыз етеді. Айта кету керек, осы 3 жобаны операторлар өз қаражаты есебінен қаржыландырады.

Түйін: Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жаңадан келген министр байланыс желісін, жаңа технологияларды дамыту және байланыс сапасын жақсарту бойынша маңызды жоспарлар құрып, операторлардың алдына алдағы жылдары шешу тиіс міндеттер қойып отыр. Елді соның орындауы маңызды. Уақыт көрсетеді...

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекеңді!

7 353 этникалық қазақ тарихи отанымен табысты

Еліміз тәуелсіздік алғалы әлемде тарыдай шашыраған қазақ ұлтын, яғни қандастарын өзінің туған мекеніне шақырумен өлек. Ол үшін түрлі мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, жүзеге асырылуда. Иә, аз ғана халқымен бүгінгідей ұлан-байтақ жерді мекен етіп, оны игеру оңай дүние емес екені анық. Шүкір, ата-бабамыз қалдырған шексіз шұрайлы жерге әлемдегі барлық бауырларымызды жинасақ та тарлық етпейді. Сондықтан болар, ағайынға аңқылдақ қазақ жұрты оралмандарға есігін айқара ашып, қуана қарсы алуға.



Тиісті органдар ұсынған статистикаға көз жүгіртсек, биылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 7 353 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алған. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 135,7 мың этникалық қазақ оралған. Нақтырақ айтсақ, жыл басынан елге келген қандастардың жартысы Қытайдан, 6,3 пайызы Түрікменстаннан, 5,4 пайызы Моңғолиядан, 34,4 пайызы Өзбекстаннан, 3,2 пайызы Ресейден және 1,3 пайызы басқа елдерден келген.

Қоғам болған соң әртүрлі ой мен көзқарас туындайтыны бар. Бірі қандастарының елге оралғанына қуанып жатса, екіншісі бұл ұрдіске күмәнмен қарауда. Нәпсіктен? Яғни елге оралғандар біздің экономикамызға кері әсерін тигізеді-міс. Оларға тұрғын үй, жұмыс, кәсіп тауып беру мемлекетке ауырлық тигізуі мүмкін екен. Десе де осы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 59,1 пайызды, еңбекке қабілетті жастан кіші 31,2 пайызды және зейнеткерлер 9,7 пайызды құрайды. Мына сандарға қарап елімізге жұмысқа қабілетті қаншама азамат оралғанын байқауға болады. Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінде білім деңгейі бойынша 16,9 пайызы жоғары білімді, 22,6 пайызы орта кәсіби білімді, 55,3 пайызы жалпы орта білімді және 5,2 пайызының білімі жоқ. Осы орайда жыл басынан бері 1405 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілген. Атап айтқанда, 419 адам тұрақты жұмысқа орналастырылған.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанған. Сонымен бірге қандастарды қоныстандыру үшін келесідей еңбек күші тапшы өңірлер анықталған. Олар – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары. Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2 433 адамды құрайды. Биылғы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1 697 қандас қоныс аударды.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. Яғни бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК, 258,4 мың теңге мөлшерінде және тұрғын үй жалдау мен коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК, 55,3-ден 110,7 мың теңгеге дейін беріледі.

Сонымен қатар ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификатты тұрғын үй құнының 50 пайызы немесе бір отбасына 4,28 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

Естеріңізге сала кетейік, бытырдан бастап пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда этникалық қазақтардан жаңа форматта 9 569 өтініш қабылданды.

Еліне асығып, туған жерінің топырағын иіскеу бақытына ие бола алмай жүрген қандастар қаншама. Олар қай жерде жүрсе де Отанына оралу мүмкіндігін күтуден еш жалығар емес...

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
 Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
 Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 987